



БҰЙРЫҚ

20.08.2025 № 191
Астрахан ауылы

ПРИКАЗ

село Астраханка

Орта білім беру ұйымдарында
2025-2026 оқу жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыдағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29301 болып тіркелген) сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 5 тамыздағы №174 бұйрығының және «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2025 жылғы 11 тамыз №330 негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2025 жылғы 1 қыркүйек - 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12 сыныптарды оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1 тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2 тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3 тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);

003096

1 – сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда).

4 тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2-15 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) - сынып оқушылары үшін:

1) математика (ауызша), сонымен қатар жазбаша емтихан – 2026 жылғы 3 мамыр;

2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2026 жылғы 8 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 11 маусым;

11 (12) - сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі пәндері бойынша оқытатын мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан-2026 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі), шетел тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика)- 2026 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым.

4. Әдіскер С.Амангелді осы бұйрықты ауданның барлық білім беру ұйымдарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі К.Атишеваға жүктелсін.

Басшы



П.Барахоева